**ШЖҚ «КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ МӘНШҮК МӘМЕТОВА АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» МКК «АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ» ММ**

ҚАРАЛДЫ
Педагогикалық
кеңес отырысында
Хаттама № 2
«30» 11 2022 ж.

БЕКІТЕМІН
Колледж директоры
_______ М.Кузбаков
«___» ______ 2022 ж.

# СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ

Актобе 2022ж.

## 1. Жалпы ереже

Осы «Ақтөбе облысының облыстық денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК (әрі қарай текст бойынша - «Колледж») студенттеріне арналған ішкі тәртіп ережесі ҚР Конституциясына, ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, колледж Жарғысына сәйкес әзірленген және колледж студенттерінің тәртіп ережесін, оқуын және олардың Колледж қызметкерлерімен өзара қарым қатынасын реттейді.

1.2. Техникалық және кәсіптік білім бағдарламасы бойынша білім алу үшін белгіленген тәртіппен директордың бұйрығымен қабылданған тұлға колледж студенті болып табылады.

1.3. Ішкі тәртіп ережесі барлық Колледж студенттері үшін міндетті болып табылады.

1.4. Студенттерге арналған ішкі тәртіп ережесі, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтырулар педагогикалық кеңесте қабылданады.

## 2.Колледжді басқару

2.1. Директор Колледжге жалпы басшылық жасайды. Оның шешімі білім алушылар мен қызметкерлер үшін міндетті.

2.2. Педагогикалық кеңес колледжде педагогикалық, тәрбие, оқу-өндірістік және әдістемелік қызметтерді бағыттайды және үйлестіреді.

2.3. Директор жедел тікелей басшылық жасауды және колледжді басқаруды жүзеге асырады. Өзінің құзіреттілігі аясында студенттер мен қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады.

2.4. Директор колледжді өзі тікелей және Колледждің әкімшілігі мен педагогикалық қызметкерлері арқылы басқаруды жүзеге асырады

2.5. Колледждің әкімшілік құрамына директордан басқа орынбасарлары, құрылымдық бөлімдер жетекшілері, психолог, әлеуметтік педагог кіреді. Директор әкімшіліктің әр мүшесінің жауапкершілігі мен құқығын, міндетін анықтайды.

2.6. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары колледж директорының бірінші орынбасары болып табылады және оған колледждің барлық педагогикалық құрамы мен студенттері тікелей бағынады.

2.7. Колледж әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдері, сондай ақ педагог қызметкерлердің студенттерге берген нұсқаулары олардың қарамағындағылар мен студенттердің орындауы үшін міндетті.

## 3.Білім беру үдерісін ұйымдастыру

3.1.Колледждегі білім беру үдерісі пән және оқу курстары, жұмыс бағдарламасы мен қабылданған білім беру бағдарламасын жүзеге асыру жолымен кәсіптік дайындау, кәсіптік білім беру қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.
3.2. Білім беру үдерісіне теориялық оқыту, өндірістік (кәсіптік) практика, симуляциялық оқыту және тәрбие жұмыстары жатады. Ол оқу жоспарларын, күнтізбелік оқу кестесі мен сабақ кестесін реттейді.
3.3. Оқу жоспарлары педагогикалық кеңесте каралады және бекітіледі, колледж директорының қолы қойылады.
3.4. Оқу үдерісінің кестесін және сабақ кестесін колледж директоры бекітеді.
3.5. Азаматтарды колледжге оқуға психометриялық тестті ескере отырып, аттестаттағы бейіндеуші пәндердің нәтижелеріне сәйкес қабылдау өтініштері бойынша конкурстық негізде жүргізіледі. Қабылдау тәртібі, ережесі және шарты колледждің қабылдау Ережесімен белгіленеді және реттеледі.
3.6. Колледжде оқыту мамандықтар бойынша оқу топтарында жүргізіледі. Әр оқу тобын басқару үшін директордың бұйрығымен топ жетекшісі тағайындалады.
3.7. Күндізгі оқу бөлімі студенттері үшін оқу жылы 1 қыркүйектен басталады, екі семестрден тұрады және аталған кәсіптік-білім беру оқу жоспарына сәйкес аяқталады.
3.8. Студенттерге жылына 11 аптадан, оның ішінде қысқы кезеңде - 2 аптадан кем емес демалыс беріледі. Демалыстың күнтізбелік мерзімі оқу жоспарларына байланысты болады.
3.9. Колледжде оқу жоспарлары мен сабақ кестесіне сәйкес 5(бес) күндік оқу аптасы белгіленген.
3.10. Қабылданған білім беру бағдарламасын іске асыру мақсатында күнделікті жұмыс(оқу) уақытын бөлу колледждің күн тәртібімен реттеледі.
3.11. Аудиториялық сабақтың барлық түрі үшін академиялық сағат ұзақтығы 45 минут; ал кредиттік оқыту технологиясы бойынша (ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 "Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдеріесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығы) оқу жұмысының көлемін жоспарлау кезінде бір кредит оның барлық түрлері үшін 24 (жиырма төрт) академиялық сағатқа тең екендігіне негізделеді. Бір академиялық сағат 45 минутқа тең.
3.12. Жалпы білім беретін және кәсіптік бағдарламаларды игеру студенттердің білім көлемі мен сапасының, іскерліктері мен дағдыларының игерілетін білім беру бағдарламасының, біліктілік сипаттамасының, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкестігін айқындау үшін міндетті қорытынды аттестаттаумен бақыланады және аяқталады.

3.13. Студенттерді аттестациялау, оларды келесі курсқа ауыстыру және колледжді бітірту тәрізді шараларды ұйымдастыру мен өткізу директор бекіткен локалды нормативті актілермен реттеледі.

3.14. Мемлекеттік (қорытынды) аттестацияларды жақсы тапсырған жағдайда колледжді бітіргені бойынша студентке диплом беріледі.

3.15. Колледждегі жастар, кәсіподақ және басқада заңды қоғамдық, діни ұйымдар, бірлестіктер, қозғалыс т.б қызметтері ҚР заңнамасына сәйкес колледждің Педагогикалық кеңесімен реттеледі. Колледжде заң бойынша тіркелмеген осыған ұқсас ұйымдардың қызметіне тиым салынады. Бұл ереже жекелеген насихатшылар, агенттер, өзге т.б тұлғаларға қолданылады. Осы ереженің орындалуына жауапкершілік колледж әкімшілігіне жүктеледі.

## 4.Студенттердің құқықтары

**Студенттерге төмендегідей құқықтар беріледі:**

4.1.Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес білім алуға;

4.2. Білім беру гранты және келісімшарт негізінде оқуға;

4.3. Белгіленген өлшемде (мемтапсырыс бойынша білім алушы тұлғалар үшін) стипендия алуға;

4.4. Колледжде кітапханалық-ақпараттық қорларды, WIFI интернет қосылғышты,жабдықтарды ақысыз қолдануға;

4.5. Колледж Жарғысы мен сәйкестендірілген локалды актілерде белгіленген тәртіпте, оның ішінде өзін-өзі басқару органдары арқылы колледж қызметі мәселелерін шешуге және талқылауға қатысуға

4.6. Адамдық қадір-қасиетін, ар-ождан бостандығын сыйлау өз ойы мен көзқарастарын, сенімдерін (өз тарапынан ҚР заңдарын, құқықтық актілерін, Колледж Жарғысын, осы ережені және басқа да азаматтардың құқықтарын сақтай отырып) еркін жеткізуге;

4.7. Оқудағы жетістігі және Колледждің қоғамдық жұмыстарына белсенді қатысқаны үшін моралдық және (немесе) материалдық марапаттауға;

4.8. Барлық шығармашылық жобаларға, ғылыми-зерттеу жұмыстарына, конференцияларға, симпозумдарға, жиналыстарға, конкурстарға, фестивалдарға қатысуға, көпшілікке өз жұмыстарын ұсынуға, оның ішінде колледж баспасына, пәндік үйірмелермен айналысуға;

4.9. Конференцияларға, түрлі конкурстарға, көркемөнерпаздарға, спорттық секциялар жұмысына, колледждің құрылымдық бөлімдері ұйымдастырған жарыстарға және басқа да шараларға қатысуға;

4.10. Колледждің студенттік өзін-өзі басқару органын сайлауға және сайлануға;

4.11. Ауруы бойынша амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік-кеңес беру комиссиясының қорытындысы(әрі қарай-ДКК) мерзім ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейін, туберкулезбен ауырған жағдайда туберкулезге қарсы мекеменің Орталықтандырылған дәрігерлік-кеңес беру комиссиясының шешімі (әрі қарай-ОДКК) ) мерзім ұзақтығы 36 айдан кем емес, босанғаны туралы, асырап алған баланың үш жасқа толғанға дейін , әскери қызметке шақыру туралы қағаз негізінде академиялық демалыс алуға;

4.12. Белгіленген білім туралы заңнама тәртібімен басқа оқыту түріне, мамандық және(немесе) дайындық бағытына, басқа кәсіп бойынша білім алуға ауысуға;

4.13. Белгіленген білім туралы заңнама тәртібімен негізгі кәсіби білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру мекемесінде білім алу үшін қайта рәсімдеуге;

## 5.Студенттердің міндеттері:

**Студенттер міндетті:**

5.1. Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңдарымен белгіленген азаматтық міндеттерін орындауға;

5.2. Колледж Жарғысын, осы ішкі тәртіп Ережесін, басқа да оларға қатысты құқықтық және локалды актілерді сақтауға;

5.3. Колледждегі оқытудың барлық түрін студенттер таңдаған мамандығы бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды игеруге, тапсырмалардың барлық түрін уақытылы орындауға, оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларына сәйкестігін қатаң сақтай отыра барлық емтихандар мен сынақтарды белгіленген мерзімде (емтихандық сессия)тапсыруға;

5.4. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу сабақтарына қатысуға және оқу жоспарлары мен бағдарламаларында қарастырылған барлық тапсырма түрлерін белгіленген мерзімде орындауға, жіберген сабақтарды уақытында жоюға;

5.5. Колледж қызметкерлерімен және студенттерімен қарым-қатынаста сыпайы болуға, тәртіпті қолдауға және сақтауға;

5.6. Колледжде, көшеде, қоғамдық орындарда және күнделікті тұрмыста өзін лайықты ұстауға, тәртіпті және ұқыпты болуға; Ер балалар қысқа, тегіс қысқартылған шашты, қыздар- шаш жиналған, ұқыпты шаш үлгісі;

5.7. Колледж директоры бекіткен тиісті ережелер мен нұсқаулықтарда көзделген еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, еңбек гигиенасы және өртке қарсы қорғау жөніндегі талаптарды сақтау;

5.8. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 49б.7т. сәйкес «Білім беру мекемелеріндегі белгіленген киім үлгісін сақтау» анықталған.

Колледж қабырғасында белгіленген киім үлгісін сақтауға:
жалпы киім үлгісі- медициналық халат бейджикпен, қалпақ, екінші аяқ киім;
-ер балалар үшін-жейде, шалбар;
-қыздар үшін-белдемше, жейде, көйлек, классикалық үлгідегі шалбар;
-базада практикалық оқытуда хирургиялық костюм кию қажет.
Колледж аумағынан медициналық халатпен, қалпақпен шығуға тыйым салынады.
Денешынықтыру сабақтарында белгіленген үлгі бойынша- спорттық костюм.

5.9. Колледж мүлкін сақтауға, бүлдіруге жол бермеуге, техникалар мен жабдықтарын тиімді пайдалануға, оқу және ғылыми-зерттеу мақсатында Internet желісінде жұмыс жасау үшін бөлінген қорды, студенттерге қолдануға берілген заттарды ұқыпты пайдалануға;

5.10. Оқу сабақтары кезінде оқытушының түсіндіргендерін, бірге оқитын студенттердің жауаптарын мұқият тыңдауға, сөйлемеуге, кедергі келтірмеуге, оқытушының барлық тапсырмаларын орындауға. Сабақ уақытында тек оқытушының рұқсатымен сұрақтарға жауап беруге, сұрақ қоюға, тұруға және отыруға, аудиториядан кіруге және шығуға;

5.11. Лабораторияда, медициналық мекемелерде, кабинетте сабақ кезінде және кәсіптік, оқу-өндірістік практикалар өту кезінде сабақ жетекшісі көрсеткен манекендерді, муляждарды, көрнекі құралдарды пайдалануға, оларды ұқыпты ұстауға және қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұялы телефонға суретке, бейнежазбаға жазбауға.

Медициналық кітапшасын өз қаражатына уақытымен бастауға. Директор бұйрығына сәйкес уақытында жыл сайынғы міндетті медициналық тексерістен өтуге.

Студент практика өту барысында міндетті:
-белгіленген формада күнделік арнауға, практиканың барлық бағдарламасын толығымен орындауға;
-практика базаларында әрекет ететін ішкі тәртіп Ережесіне бағынуға;
-өндірістік санитария бойынша техникалық қауіпсіздікті, еңбекті қорғау ережесін жаттау және сақтауға;
-бөлім тапсырмасы бойынша ұйымдасқан жұмыстарға қатысу;
-база практика жетекшісінің қолы қойылған бекітілген форма бойынша барлық тапсырманың орындалғаны туралы жазбаша есеп, күнделік практика жетекшісіне ұсыну;

5.12. Сырқаттануына немесе басқа да дәлелді себептерге байланысты сабаққа келмеген кезде дереу бөлімше меңгерушісін, топ жетекшісін, топ басшысын хабардар етуге. Егер студент бөлімше меңгерушісін, топ жетекшісін, топ басшысын дер кезінде хабардар етпеген және дәлелді құжаты болмаған жағдайда сабақты дәлелсіз жіберген болып саналады. Ауырып қалған жағдайда студент белгіленген

нысан бойынша амбулаториялық немесе емдеу мекемесінде берілген анықтаманы ұсынуға;

5.13. Студент жіберген сабақтарын директордың орынбасары бекіткен кестеге сәйкес өтеуге міндетті. Жіберген сабақтарды өтеу бөлім меңгерушісінің рұқсатымен сабақ кестесінен тыс жүргізіледі.

5.14. Студенттің кінәсынан колледжге келтірілген материалдық шығындарды қайтаруға.

## 6. Тыйым салынады:

6.1. Сабақ кезінде дауыстап сөйлесуге, шулауға, музыка тыңдауға, сөйлеу барысында былапыт сөздерді пайдалануға, коридорда жүруге;

6.2. Қарым-қатынасты шешу кезінде дене күшін қолдануға, соны айналадағылар үшін қауіпті болатын іс-әрекет жасауға;

6.3. Ғимарат ішінде, колледж аумағында, аулада, оқу корпусының алдыңғы кіреберіс қанатында шылым шегуге, ластауға, түкіруге;

6.4. Қоғамдық тәртіпті бұзуға негізделген саяси және діни сипаттағы көпшілік іс-шаралар өткізуге және оларды жүргізуге, үгіттеуге, тіркелмеген ұйымдардың атрибутикасын пайдалануға және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы ойларын насихаттауға;

6.5.Колледж қабырғасында діни киімдерді киюге;

6.6. Ашық боянуға, көп әшекей бұйымдар тағуға, ұзын және ашық түсті маникюр жасатуға;

6.7. Кәмелетке толмаған студенттерге ата-анасыз (заңды өкілсіз) кешкі сағат 22.00 ден кейін көшеде және көңіл көтеру орындарында жүруге;

6.8. Тазалық-гигиеналық нормаларды бұзуға;

6.9. Оқу бөлмелеріне сыртқы киім апаруға (пәлте, күртеше, сулық, бас киімдер т.б);

6.10. Колледжде және оның аумағында спирттік сусындар, темекі бұйымдарын, құрамы улы және есірткі заттар және тағы басқа білім беру үдерісінің қатысушыларының денсаулығына зиян тигізетін және оқу мекемесінің ішкі тәртіп ережесін бұзатын заттарды әкелуге, беруге, пайдалануға;

6.11. Жарылыска, жануға және улануға әкелуі мүмкін кез-келген заттарды әкелуге, беруге, пайдалануға;

6.12. Колледж әкімшілігінің рұқсатынсыз санкциялаңған аудиожазба жазуға, суретке және бейнекамераға түсіруге;

6.13. Колледж әкімшілігінің рұқсатынсыз санкциялаңған аудиожазба жазу, фото және бейне түсірулерді әлеуметтік желілерде, сайттарда жариялауға және пайдалануға;

6.14. Сабақ және сабақтан тыс шаралар кезінде косулы ұялы телефон ұстауға, құлаккап пайдалануға және сағыз шайнауға, ұялы телефонды немесе баска да жеке техникаларды колледждегі электрлі коскышка косуға;
6.15. Құжаттардағы жазбалардың (оқу журналдары, білім алушының үлгерім кітапшасы, студенттік билет) көшірмесін жасауға, сакталған ақпараттарды (оның ішінде компьютерлік) көшіруге, өзгертуге немесе колдануға;
6.16. Емтихан сессиясы кезінде ұялы телефон, құлаккаптар мен аксессуарлар, шпаргалкілер пайдалануға;
6.17. Қару алып жүруге тиым салынады:
- барлық атыс каруы(пистолеттер, револьверлер, винтовкалар, кесілген мылтықтар және т.б.)
- атыс каруының көшірмесі және имитациясы
-атыс каруының құрамдас бөлігі(оптикалык анықтау құрылғыларын/аукымдарын коспағанда)
-газды кару;
-пневматикалық пистолеттер, винтовка және шарикті карулар;
-сигналды пистолеттер, стартты пистолеттер, ойыншық пистолеттердің барлық түрі;
- допты лактыруға арналған құрылғылар;
- өнеркәсіптік шегелер мен болттарды бекітуге арналған құрылғылар;
-арбалеттер, катапульттер, гарпундар және найзалы қарулар;
- саңырау ететін немесе соққы беретін құрылғылар мысалы, мүйізді малды басқаруға арналған;
- атыс каруы түрінде жасалған оттықтар;
- травматикалық, жарық-дыбыстық әрекетті патрондары бар ұңғысыз кару;
- электрошок құрылғылары және т.б.
6.18. Пышақтайтын / кесетін кару мен өткір заттарды алып жүруге тыйым салынады:
- балталар мен кескіштер, жебелер мен дарттар, гарпундар мен найзалар;
- кез келген ұзындықтағы калкымалы немесе лактырылатын жүзі бар пышақтар;
- әлеуетті қару ретінде пайдалануға болатын металдан немесе кез келген баска жеткілікті берік материалдан жасалған пышақтар;
-ас үй пышақтары;
-аңшылык пышақтар;
- ашык ұстаралар мен пышақтар (картриджде жүздері бар кауіпсіз немесе бір рет колданылатын ұстараларды коспағанда);
- кылыштар, кылыш тәрізді;
-скальпелдер;
-темір жұлдызшалар;

- пышақтайтын / кесетін қару ретінде қолдануға жататын өндірістік құралдар,мысалы дрелдер және есіктерге арналған қауырсын бұрғылары ,и резактар, сервистік пышақтар, ломдар, аралар, балға;
-штопорлар;
- тері астына және тоқуға арналған инелер;
- жүзінің ұзындығы 60 мм-ден асатын қайшылар;
- жүзінің ұзындығы 60 мм-ден асатын жиналмалы (бекіткішсіз) жол, қалта пышақтары;
-шанцевтілі құралдар.

## 7.Оқудағы жетістігі үшін марапаттау

7.1.Білім беру бағдарламасын игеруде, қоғамдық қызметте және студенттерге арналған басқа да жұмыстардағы жетістігі үшін моралдық және материалдық көтермелейдің әртүрлі түрлері белгіленген. Көтермелеу туралы шешімді колледждің әкімшілігі (құрылымдық бөлімдер басшыларының ұсынысы бойынша бұйрық шығару жолымен ауызша және жазбаша) және қоғамдық ұйымдары қабылдайды.
7.2. Көтермелеудің келесі түрлері қабылданады:
- алғыс ;
- студенттердің ата-анасына алғыс хат;
- қаржылай баламадағы алғыс;
-Колледждің Құрмет грамотасы;
- жоғары стипендия тағайындау;
-дербес немесе атаулы стипендия тағайындау;

## 8. Тәртіптік жаза

8.1. Студенттердің колледж Жарғысында қарастырылған міндеттерді орындамағаны және ішкі тәртіп ережесін бұзғаны және мамандығы бойынша оқу жоспарын белгіленген мерзімде дәлелсіз себептермен орындамағаны үшін келесі шаралар қолданылуы мүмкін:
• тәрбиелік сипаттағы шаралар;
• тәртіптік жазалар.
8.2. Тәрбиелік сипаттағы шараларға студенттердің жеке қасиеттерін, оқуға және тәртіп сақтауға құрметпен қарауға тәрбиелеу, ішкі тәртіп ережелерінің бұзылуына жол бермеу, студенттің жасаған іс-әрекеттерінің дұрыс еместігін түсіндіруге бағытталған Колледж әкімшілігі мен оның педагогикалық қызметкерлерінің әрекеті жатады.

8.3.Колледж Жарғысын, ішкі тәртіп ережесін, жатақханада тұру тәртібін бұзған немесе орындамаған студенттерге тәртіптік жаза шаралары қолданылуы мүмкін:
-ескерту
-сөгіс
-қатаң сөгіс
-оқудан шығару
8.4. Тәртіптік жаза қолдану кезінде студенттің жасаған іс-әрекетінің ауырлығы, мән-жайлары және оқуы мен тәртібі ескеріледі;
8.5. Студенттер ауырып жатқан (құжаттармен расталған) және академиялық демалыс уақытында оқудан шығарылмайды;
8.6. Колледжде оқитындардың, соның ішінде құқыққа қарсы іс-әрекет жасаған жағдайда тұлғалардың оқудан шығаруға негіз Колледж Жарғысы мен ҚР «Білім туралы» заңына сәйкес айқындалады.

**Студент Колледжден шығарылуы мүмкін:**
-өз еркімен, оның ішінде науқастығына немесе басқа оқу орнына ауысуына байланысты;
-академиялық үлгермеуіне (аралық аттестация қорытындысы бойынша үш немесе одан да көп қанағаттанарлықсыз баға, белгіленген мерзімде академиялық берешігін жоймаған жағдайда);
- сабақты себепсіз **60 (алпыс)** және одан да көп сағат жіберген жағдайда;
-келісімшарт шарттарын бұзған жағдайда, егер оқыту шығындарын толық өтеу негізінде жүргізілсе;
- заңды күшіне енген сот үкімімен белгіленген қылмыс жасағаны үшін, сондай-ақ колледж студенттерінің атағына нұқсан келтіретін өзге де құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны үшін;
- медициналық қажеттіліктен туындамаған есірткілік заттарды қолданғаны үшін;
- колледж ғимаратында және колледж аумағында спирттік сусындарды ішкені үшін;
-егер студент ағымдағы оқу жылы оқу сабақтарға немесе оқу жылының семестрінде дәлелді себептерсіз сабақ басталғаннан күнтізбелік ай ішінде қатыспаса, ол да сондай-ақ Колледжден шығарылуы мүмкін;
8.7. Әкімшілік студентке алдын ала бұзушылықтың себебін, мән-жайын тәртіп бұзушының жеке басының әрі қарайғы салдарын анып алмайынша жаза қолдануға құқылы емес. Бір бұзушылық үшін бір ғана жаза қолданылуы мүмкін;
8.8. Студенттің теріс қылықтары үшін және оқу уақытынан тыс жасаған қылмысқа Колледж жауап бермейді

## 9. Оқу топтарындағы ішкі ұйымдастыру.

9.1. Әр оқу тобында студенттер өз құрамынан топ жетекшісіне тікелей бағынатын топ басшысын сайлайды.

9.2. Практикалық оқытудың тиімділігін арттыру үшін оқу топтарының студенттері екі топшаға бөлінеді, олардың әрқайсысы өз топтары үшін топ басшысын сайлайды. Топ басшысын топ жетекшісі бекітеді.

9.3. Өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін топ басшысы дөрекілік танытқаны үшін немесе бөлімше меңгерушісімен байланысының белсенділігінің төмендігі үшін ауыстырылуы мүмкін. Бұл жағдайда мерзімінен бұрын жаңа топ басшысын сайлау жүргізіледі.

9.4. Оқу топтарының топ басшылары топ басшылар кеңесін құрайды (старостат).

**Құрастырғандар:**

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Кузлыбаева

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары С.Тәжібаева

Директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Есказина

## Танысу парағы

| № | Жұмысшының аты-жөні | Танысқан уақыты | Қолы | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Нурибаева А.А. | 30.11.2022 | | |
| 2 | Жанибаева Г.М. | 30.11.2022 | | |
| 3 | Аскарова Г.Т. | 30.11.2022 | | |
| 4 | Нурлимова Л.Д. | 30.11.2022 | | |
| 5 | Жилибаев А.Б. | 30.11.2022 | | |
| 6 | Тукишова Т.С. | 30.11.2022 | | |
| 7 | Каримова Э.А. | 30.11.2022 | | |
| 8 | Омисько Г.В. | 30.11.2022 | | |
| 9 | Нурабаева И.Ш. | 30.11.2022 | | |
| 10 | Мубаева Г.А. | 30.11.2022 | | |
| 11 | Жернебаева С.Б. | 30.11.2022 | | |
| 12 | Тобатанова Р.А. | 30.11.2022 | | |
| 13 | Кожабаева Г.Ж. | 30.11.2022 | | |
| 14 | Турмабаева Г.А. | 30.11.2022 | | |
| 15 | Нурманова Н.А. | 30.11.2022 | | |
| 16 | Мынова Г.Х. | 30.11.2022 | | |
| 17 | Садыкова Р.С. | 30.11.2022 | | |
| 18 | Кабасова Г.Е. | 30.11.2022 | | |
| 19 | Сибагатова И.У. | 30.11.2022 | | |
| 20 | Толеуова Б.М. | 30.11.2022 | | |
| 21 | Тлеумова Б.И. | 30.11.2022 | | |
| 22 | Сейтамбетова Д.А. | 30.11.2022 | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |